

АҚ ХАЛАТТЫЛАР АБЫРОЙ БИІГІНДЕ

2



ТОҒАНҒА БАЛЫҚ ЖІБЕРУ ЖҰМЫСТАРЫ ҚОЛҒА АЛЫНУДА

2




Арал аудандық
қоғамдық-саяси
газет

№82 (11147) Сәрсенбі, 29 қазан, 2025 жыл

Толқын

Аралым – айдын шалқарым. құт-береке қонған жер!

Газет 1930 жылғы 1 қарашадан бастап шығады



tolkyn.kz



Толқын газеті



https://www.instagram.com/tolkyn_gazet



почта tolkyngazeti@gmail.com



www.tiktok.com/tolkyn.gazeti



https://twitter.com/NW1aGKAk77HxZLq?t=flaK6PIL_z9yxxWS-xN-pw&s=08

АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР АЙҚЫНДАЛДЫ

Әкімдікте аудан әкімі Аманжол Оңғарбаевтың төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Жиынның басында аудан әкімі соңғы уақытта ұйымдастырылған бірқатар іс-шаралардың жоғары деңгейде өткенін тілге тиек етті. Әсіресе, Қызылорда қаласында өткен «Алтын күз – 2025» ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінде Арал ауданының «Балық шаруашылығы саласы бойынша озат аудан» деп танылғанын ерекше атап өтті.

– Бұл марапат – аудан еңбеккерлерінің қажырлы еңбегінің, ұйымшылдық пен тындырымдылықтың нәтижесі. Елдің экономикалық дамуына үлес қосып жүрген жерлестерімізге ризашылығымды білдіремін, – деді аудан басшысы.

Жиында аудан басшысы алдағы жоспарлармен де бөлісті. Оның айтуынша, жыл соңына дейін бірнеше ауылдық елді мекендерге ауысу жүйесі тартылып, бірқатар әлеуметтік нысанның құрылысы аяқталады.



Сонымен қатар әкім электр энергетикасы саласын жаңғырту мен цифрландыру бағытындағы жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

– Қазіргі таңда аудан аумағындағы кейбір электр желілері мен қосалқы станциялардың тозу деңгейі жоғары. Сол себепті бұл бағытта нақты жобалар-

ды жүзеге асырып, ауылдық жерлердің инфрақұрылымын жақсартуымыз қажет, – деді аудан әкімі.

Мәжілісте құрылыс сапасы мен жұмыс қарқыны мәселесі де қозғалды. Аудан басшысы облыстық және аудандық бюджет есебінен атқарылып жатқан жобалардың сапасын қатаң

бақылауда ұстап, құрылысы баяу жүріп жатқан нысандардағы жұмысты жаңдандыруды тапсырды.

А.НҰРЛАНОВА



Арал ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының 9 айдағы толымды көрсеткіші туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Төлеген Рашевпен сұхбаттасқан едік.

Төлеген РАШЕВ:

Аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ – ЕЛ НЕСІБЕСІ

– Экономикалық өсімді қалыптастыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталсаңыз...

– «Сабақты ине сәтімем» дегендей сіздермен аудан экономикасының даму барысы мен бағыттары туралы сұхбаттасудың реті бүгін келіп отыр. Сөзімді Ел Президентінің «Кез келген істің басты өлшемі тиімділік болуға тиіс. Яғни әрбір шешім, әрбір жоба ең алдымен елге пайдалы болуы қажет» деген сөзімен бастағым келіп отыр. Өздеріңіз білесіздер, аудан әкімдігінің күнделікті жұмысы экономикалық өсімді тұрақтандырып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға, экономикаға теріс әсер етіп жатқан факторларды анықтап, жедел шаралар қабылдауға бағытталуда. Атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижесінде аудан экономикасында тұрақты өсім қалыптасты, оған дәлел ресми статистикалық көрсеткіштер болып отыр. 2025 жылдың 9 айында ауданда 26 888 миллион теңгенің өнеркәсіп өнімдері өндіріліп, нақты көлем индексі 109,5 пайызды құрады. Өндірілген өнеркәсіп өнімдерінің 65 пайызы өңдеу ісіне тиесілі болып, 17 600 миллион теңгенің өнімі өндірілді. Жыл ішінде 911,6 мың тонна тұз, 119,3 мың шаршы метр кварц топырағы қазылып, 5 400 тн балық өнімдері, 241 мың тонна йодталған ас тұзы өндірілді.

4-бетте

ТІЛ ТАЗАЛЫҒЫ МЕН ТАЛАБЫНЫҢ ТАРАЗЫСЫ

Тілдің шұбарланғаны сондай, ертедегі би-шешендеріміз тіріліп келер болса, біздің сөйлеу мәдениетімізді көріп қу жанынан түңілер ме еді, қара тасты қақ жаратын шешендік тіркестердің орнына адам баласына түсініксіз, қиғаш-қиғаш құр сөзді естігенде қамшысын екі бүктеп осып жіберер ме кім білсін?!

Тазалық – тілден

Тіл тазалығы бүгінде мәңгілік күреске айналды. Қоғамның сөйлеу, жазу нормаларын сақтау мен қатар қазақ тілінің мүмкіндігін өз орнымен пайдаланып, оны дұрыс қолдана білуі актуалды тақырыпқа айналып жатқаны өтірік емес. Әсіресе, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие тілдің тазалығы және оның басқа тілдер алдында ырықталуы ең маңызды мәселе.

Бауыржан Момышұлы өз заманында даналықтан құралған қазыналы қазақ тілі туралы «Қазақ тілі – сұлулығымен бой бақытып, тамыр шымырлататын, жан жүйелі жадыратып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен



коллаж: К.Ерлепесқызынан

қысыптың тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгілі жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл» деген болатын. Ендеше осындай құдіретті тілімізді қадірлеуіміздің мәні неде?

Мемлекеттік тілдің мәртебесі

Қазақстанда тілдердің қолданылуын реттейтін құжат 1997 жылы қабылданған «Тіл туралы» заң. Онда атап айтқанда, мемлекеттік тіл, яғни қазақ тілі – мемлекеттің барлық аумағында

қоғамдық қатынастардың барлық саласында әрекет ететін мемлекеттік басқару, заңнама, сот өндірісі және іс жүргізу тілі. Қазақ тілін меңгеру әрбір азаматтың парызы, ал тілдің өзі – қазақстандықтарды біріктірудің маңызды факторы.

Бұл жағдайларға қарамастан 2019 жылғы мәліметтер бойынша Қазақстанда қазақ тілінде сөйлеушілер қатары 90%-ды құрайды, ал орыс тілінде ел тұрғандарының 92%-ы еркін сөйлейді. Иә, бұл көңіл қуантарлық жағдай. Дегенмен, «Алайда бұл қазақстандықтардың 90 пайызы еркін жазып, сөйлей алатын деңгейге жетті» дегенді білдірмейді. Яғни бұл аталған зерттеу нәтижелері республика тұрғындарының басым көпшілігі мемлекеттік тілді өз дәрежесінде еркін білетінін, жаза алатынын, кәсіби лексиканы меңгергенін, қалған бөлігі еркін сөйлегенмен жаза алмайтынын, ал кейбір тек қана түсіндіре алатын деңгейде екенін көрсетті» делінген. Тіл саясаты комитетінің ресми жауабында. Қанша жерден ел тұрғындары қазақ тілін біліп тұрғанымен оны қолданысқа енгізбей, қарапайым тұрмыста орыс тілінде сөйлесе пайдасы қандай? Сондықтан тілді білушілердің емес, қолданушылардың маңызы көбірек.

4-бетте



АЛЫСТАҒАН АҒА АЛАСАРМАЙДЫ

Өмірдің қыр-сырын толықтай түсінген пенде бұл фәниде болған емес, болмайды да. Оны түсінуге адамның ғұмыры да қысқалық қылады. Іс-тәжірибесі толысып, тіршіліктің тәсілін алған шағында қариялықтың қыраулы қабағы қыр астынан қылаң беріп тұратынын қайтерсін. Адам ұрпағымен жасайды, жеріне жеткізе алмаған максатынды алға апару кейінгі буынның борышы болмақ. Десе де, бұл пенденің арманы таусыла ма? Ол қайда-а?..

Осындай күй кешкен ардақты азаматтың бірі, бірі ғана емес бірегейі Сейітжан аға Досжанов болатын. Яғни Кеңес Одағы кезінде ас тұзын өндіретін бары-жоғы екі комбинаттың бірі – «Аралтұз» комбинатына табаны күректей 20 жыл бойы басшылық жасап, елі үшін өмірленіп жүріп еңбек еткен ағамыз да «бәрін орын-орына қойып кете алдым ба?» деген арманда кеткен болар. Айтайық...

3-бетте

ЖАҢА РЕФОРМА – ЖАҢАЛЫҚҚА ҚАДАМ

Парламент туралы 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасының қос палаталы Парламенті заң шығару билігін жүзеге асыратын республиканың ең жоғары өкілді органы болып табылады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің ұйымдастырылуы мен қызметі, оның депутаттарының құқықтық жағдайы Конституциямен, «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңмен және басқа да заңнамалық актілермен айқындалады.

Қазіргі құрылым қандай?

Жалпы қос палаталы парламент – теңгерім мен тұрақтылықтың айқын көрінісі. Қазақстанның мемлекеттік басқару жүйесінде Парламенттің орны ерекше. Ол заң шығару қызметін атқарып қана қоймай, билік тармақтарының өзара теңгерімін қамтамасыз ететін маңызды саяси институт.



Қазіргі заманғы демократиялық мемлекеттерде билік тармақтарының өзара теңгерімі мен тиімді қызметі ерекше маңызға ие. Соның ішінде қос палаталы парламент жүйесі мемлекеттік тұрақтылықты қамтамасыз етудің, әртүрлі әлеуметтік және өңірлік мүдделерді үйлестірудің маңызды тетігі саналады. Қазақстан Республикасы да дәл осындай құрылымды таңдаған елдің бірі.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, Парламент – еліміздің жоғары өкілді және заң шығарушы органы.

Ол екі палатадан тұрады: Мәжіліс және Сенат.

Мәжіліс депутаттары тікелей жалпы халықтық сайлау арқылы сайланады, бұл олардың қоғамдағы түрлі әлеуметтік топтардың көзқарасын білдіруіне мүмкіндік береді. Ал Сенат депутаттары өңірлердің және астананың атынан сайланып, аймақтық мүдделердің қорғалуын қамтамасыз етеді.

2-бетте